


ТАҚЫРЫП:
Бастауыш мектептегі
пән аралық
байланыстың
ерекшелігі



Күрстық жұмыстың өзектілігі:

Пәнаралық байланыстың философиялық негізінде дүниеде барлық заттың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы тұжымдалған.

Дүние туралы білімдер де бір-бірімен байланыста болады. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру, білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Негізінен, оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір-бірімен өз алдына оқшауланып, бөлектенбейді. Бұл міндет бір пәннің шеңберінде шешілмейді.



Зерттеудің мақсаты

бастауыш сыныптарды оқыту барысында пәнаралық байланыстың тиімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері

- бастауыш сыныптарды оқыту барысында пәнаралық байланыс арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау, мазмұнын, мәнін ашу.
- оқушының өмірге, көзқарасының қалыптасуының негізі-оның дүниетанымы жайлы түсінік беру және өзіндік шығармашылық іс-әрекетін дамытуды жүзеге асыру жолдарын анықтау.



Зерттеу нысаны

бастауыш сыныпта оқыту барысында
пәнаралық байланысты қалыптастыру

Зерттеу пәні

оқытылатын пәндер бастауыш сыныпта

Болжам

бастауыш сыныпта пәнаралық
байланыстың баланың шығармашылық
қабілетін, ойлау және өмірге деген
көзқарасын қалыптастыруда маңызы зор




Пәнаралық байланыс педагогика ғылымының басты мәселесі болуымен бірге қазіргі заманғы ғылымдардың интеграциялану тенденциясы жағдайында мектептер жүйесінің білім мазмұнын айқындаудың басты шарты болып саналады.



Оқу пәндерінің ерекшеліктеріне қарай
оқушыларда түрлі икемділік пен дағды пайда
болады. Профессор Т. Сабыров оларды бірнеше
топқа бөледі.

- Интеллектуалдық пен дағды (оқу, жазу, есептеу, кітаппен жұмыс істеу, т.б.);
- Еңбекке икемділік пен дағды (сызба, оқи білу, - еңбек құралдарымен жұмыс істей білу, т.б.);
- Спорттық икемділік пен дағды;
- Өнерге деген икемділік пен дағдылар, т.б.



А. Бейсенбаева «Пәнаралық іскерліктің ұғымын былай тұжырымдайды: «Пәнаралық іскерлік оқушылардың бір пәннен меңгерген білім, іскерлік, ептілік, дағдыларын, екінші пәндерді меңгеруде пайдалана, қолдана білу қабілетін анықтайдың.

Бұл пәнаралық іскерлік бастауыш сынып оқушыларында орта, ал жоғарғы сынып оқушыларымен салыстырғанда өзінше қалыптасып дамиды.

Пәнаралық байланыстың құрылымын іске асыру барысында педагогика ғылымындағы көптеген қозғаушы факторларды ескеру керек. оқыту үрдісінде пәнаралық байланысты іске асырудың құрылымдық белгілері мынадай:


- пәнаралық байланысты анықтау мақсаты;

- өзара байланысқа түсетін оқу пәндерін саралап, іріктеп алу;

- байланыс бөлігі немесе бөлігі болған оқу пәндерінің әрқайсысының ерекшелігі;

- пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жолдары.

Қазақ педагогы Жұмабаев Мағжан өзінің «Педагогика» деген еңбегінде балаларда сұлулық сезімдерді қалыптастыру жөнінде былай жазады: «Баланың маңайында сөйленетін сөздер әдепті, сұлу болуға тиісті. Баланы сұлу искусствомен терең таныстыру керек. Бала неше түрлі сұлу үндерді естігесін, неше түрлі сұлу түрлерді, түстерді көрсін, сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын.



Пәнаралық байланысты оқу-тәрбие процесінде мынадай жағдайлардан көруге болады: пәнаралық байланыстар теориялық білімді іс жүзінде қолдануға, ғылымның түрлі салалары жөнінде кең ұғымы бар адамды тәрбиелеуде мүмкіндік береді. Қазіргі кезед оқушыларға білім беру және олардың танымдық қызметін өркендетуге жағдай жасайды.



Белгілі психолог Ю. А. Самарин өзінің «Ақыл-ой психологиясының очергтерің деген еңбегінде былай деп жазды: Диалектикалық тұрғыдан ойлай білу дегеніміз - әр құбылыс басқалармен байланысы көп, түрлі фактілердің өзара ықпалы, қайшылықтары мен дамуы барынша күрделі екендігін көре білу деген сөз. Дүниені тануға келгенде диалектикалық әдіс – адам баласы ақыл ойының жоғары деңгейі.



Оқу пәндер арасындағы
өзара байланыстың болуы –
ғылымдар негізін меңгерудің
және білім жүйесінің
дамуының қажетті шарты.

Диалектикалық
көзқарастың қалыптасуы
білім мазмұнының
барлық құрамды
бөліктерінің
байланысын талап етеді.

пәнаралық
байланыстың
маңызына
мыналар
жатады

Пәнаралық байланыс
жан-жақты тәрбие
беру жүйесінің
барлық салаларын
комплекті жүзеге
асыруға ықпал
жасайды.

Педагогикалық
ұжымның барлық іс-
әрекетінің бір-бірімен
келісімді және
демократиялық негізге
жүріп отыруына әсер
етеді.

Пәнаралық байланыс
педагогикалық
еңбектің ғылыми
негізінде тиімді
ұйымдастырылуына
көмектеседі.

Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың жолдары. Әр нақтылы міндетті оқу-тәрбие процесі арқылы жүзеге асырылады. Пәнаралық байланыс оқытудың мазмұны, әдістері, оқытудың ұйымдастыру түрлерімен ғана шектелмейді. Ол оқушы мен мұғалімнің оқу-таным іс-әрекетінің бір бөлігі болып саналады.





Мектеп тәрбиесінде ана тілі пәнінің мұғалімдері

пәнаралық байланыс негізінде сабақ өткізу барысында Абай өлеңдеріндегі түсініксіз сөздерді, мысалы: «Қыс» - деген өлеңінде, «жидем» - деген сөз балаларға түсініксіз болады. Мұғалім балаларға бұл сөздің мағынасын ашып, түсіндіру барысында еңбек пәнімен байланысы арқылы жүргізеді. Сондай-ақ А. С. Пушкиннің «Қысқы кеш» - өлеңінде жазушы өзінің тіл байлығымен балаларды сол өлеңді оқи отырып, көз алдына елестеген суретті қағаз бетіне түсіруі арқылы ана тілінен бейнелеу өнерін байланыстыра жүргізу арқылы оқушылардың зейінін, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін арттыруға болады.

Пәнаралық байланыс мәселесін шешуде оқу-тәрбие үрдісіндегі пәнаралық байланыстарды айқындау әдістері мен жүзеге асыру жолдарын іздеуді керек етеді. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың объективті және субъективті екі жағын бөліп көрсетуге болады. объективті жағы оқыту мазмұнын анықтау кезінде көрініс табады және оқу жоспарларын, бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу құралдарын және т. б. әзірлеу кезінде ескеріледі. Субъективті жағы тікелей оқыту үрдісінде көрініс табады, яғни оқушыларға қатысты пәнаралық байланысты жүзеге асырудың негізгі тәсілдері мен әдістері қарастырылады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің
пәнаралық байланысты жүзеге асыру
іс-әрекетін зерттеу барысында бұл
байланыстың дүниетану
сабақтарында тиімді пайдаланылуы –
32% болса, математика, еңбек, тіл,
сурет сабақтарында бұл көрсеткіш
сәйкесінше - 29%, 26%, 18%, 17%
екендігі анықталды.





Оқу тәрбие процесін пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастырудың тиімділігін арттыру мақсаты көзделініп, пәнаралық ғылыми-теориялық негіздері көрсетіледі. Қазіргі кезде жалпы оқушы жастардың білім алуға деген ынта ықыластарымен қызығушылығын арттыру мен оларды жан-жақты дамытуда дүниетану ғылымдарының негіздерін пәнаралық байланыс арқылы беру басшылыққа алынып отыр. Осы тұрғыдан саралай келе бастауыш сыныптарда оқу процесінде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімді жолдарын қарастырып оған теориялық тұрғыдан негіздеме беру – бұл өмір талабы.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

